

Шет елден келген
кемелерді тексеру.



Азық-түлік қорын
тексеру Трюмдердегі
жүкті тексеру.

Қапталған жүкті
тексеру. Үйме жүкті
тексеру. Бос
трюмдерді тексеру.

Шет елден келген барлық шет елдік және отандық кемелер олар кеме-жайға жетісімен карантиндік тексеруден өткізіледі. Оның мақсаты – келген карантинге жатқызылған жүктердің, экипаж азық-түлік қорларының және жолаушылар мен команда әкелген және кемеінің өзіндегі өсімдік өнімдерінің карантиндік жағдайын анықтау.

Сабақтың

мақсаты





Карантиндік зиянкестермен зақымдалды-ау деп шамаланған кеме жүгімен рейдте-ақ тексеріледі. Жүгі зақымдалған кеме оқшауланған орынға апарылып, сонда зарарсыздандырылады.

Кемелер келген бойда, ең алдымен, палуба үстіндегі жайлар, ашық палубалар және олардың үстіндегі карантинге жатқызылған материалдар тексеріледі.





Әрбір кемеде кеме командасының зат қоятын бөлмелеріндегі, тоңазытқыш бөлмелеріндегі, ас бөлмелеріндегі т.б. барлық азық-түлік қорының карантиндік жағдайы тексеріледі. Нұсқаушы азық-түліктік картоптың, балғын жемістердің (шабдалы, цитрусты жемістер т.б.), дәндібұршақтылардың азықтық тұқымының, жаңғақтардын, тағы басқа өнімдердің зиянкестермен зақымдалған-зақымдалмағанын тексереді. Өйткені олар зиянкестердің ұшпалы кезеңінде жиі зақымдалады. Ұзақ рейстен келген кемеңіздің зат қоятын бөлмесіндегі отандық азық-түліктік картоп та шеттен әкелінген картоп тәрізді мұқият тексеріледі.

тексеру







Трюмдердегі жүкті тексеруге кіріспес бұрын, оны жарық жақсы түсетіндей етіп алу керек, қажет болып жатса, нұсқаушыға тексерілетін қаптар мен теңдердің орнын ауыстыруға, аузын ашуға, төгуге тағы басқа жағдайларға көмек беру үшін капитаннан команданың бір-екі мүшесін бөлуін өтіну қажет.

*Трюмдердегі жүкті
тексеру*





Әуелі барлық трюмдегі жүктің сыртын, содан кейін кейбір трюмдердің қақпағын жартылай немесе толық ашып тексереді. Жүкте белсенді жағдайдағы зиянкестер болса, тексеру кезінде олар жан-жаққа ұшып кетпес үшін, сондай-ақ жаңбыр немесе қар жауып тұрғанда тексерілсе трюм қақпағын ашпай, жүкке тамбур немесе люктен кіру қажет. Карантинге жатқызылған жүктердің көбі қапқа, жәшікке, теңге, картоп қорапқа немесе кәрзеңкеге салынып, трюмдерге қабат-қабат етіліп жиналады. Нұсқаушы барлық өзі жете алатындай ыдыстарды трюмнің жақсы жарық беретін тасымал шамын пайдаланып, сонымен бірге маңдайға қондыратын рефлекторлы шам немесе барлық саңылаулар мен көлеңке түсіп тұратын өзге де орындарды жақсы жарықтандыратын қалта шамын қолдана отырып қарайды. Ол қабаттардағы қаптардың, теңдердің жанасқан орындарына, қап тігістеріне, кенеп қатпарларына, жәшік тақтайларының саңылауларына т.б. ерекше назар аударады. Өйткені мұндай жерлерде әдетте зиянкестер көп






Егер жүк сипаты бойынша (экспорттаған елді, тағы басқа жайтты ескере отырып) ол Қазақстанда тіркелмеген карантиндік немесе басқа да қауіпті зиянкестермен зақымдалған, бірақ сырттай тексергенде олар табылмаған деген жорамалға негіз болса, ол жүкті түсіргенге дейін анағұрлым жете тексеру қажет. Ол үшін тікелей трюмде немесе твиндеkte жақсы жарық түскен орынға таза брезент немесе үлкен қағаз орамы төселеді де, оған зиянкестермен зақымдалды-ау деп қауіптенген қап түгел төгіледі. Содан соң босаған қаптың ішкі жағы мұқият қаралып, онда қалған, сондай-ақ төгілген жүктің ішіндегі тірі және өлі зиянкестер жиналып алынады.

Қапталған жүкті
тексеру





Жүктің, бәрінен бұрын қол, бой жететін жерінен, әсіресе, тасымалдау кезінде аз араласқан тұсынан, сондай-ақ трюмнің үйме шетіне жақын қабырғаларын тексереді. Сөйтіп пробиркаға барлық тірі немесе өлген зиянкестер жинап алынады. МЕМСТқа сай жинақталған орташа үлгілерді конус қуыс құрылғымен, ал түсіру кезінде арнайы шөмішпен немесе сынама іріктегішпен алады. Үлгілер сол орнында үлгі іріктеу актінің номері, елі, жүктің қайдан келгені, кеменің аты, трюмнің номері, үлгіні іріктеген кісінің аты-жөні, ол үлгі іріктеген күн көрсетілген жапсырмамен жабдықталады.

Үйме трюмнің

тексеру





Зиянкестерді барлық саңылаулардан, шаң жинақталған орындардан, бұрыштардан және ағаш, металл бөліктерінің түрлі көлденең беттерінен іздеу керек. Капр қоңызының дернәсілдерін кеменің машина бөлімінің қалқа қаптамаларынан табуға болады. Олар онда факультативтік үзіліс жағдайында бола тұрып, кейде түрлі өсімдік қалдықтарымен, шашылып, төгілген өнімдермен қоректеніп, бірнеше жыл бойы жинақтала алады.

Жүкті түсіріп болған соң, бірақ трюмдер тазартылып болғанша нұсқаушы оларды қосымша қарап, қабырғалар мен еденді тексереді, зертханалық талдау үшін сыпырындылар мен шашындылар алады. Ол сондай-ақ барлық саңылауды, люктерді тексереді, су ағатын саңылауларды ашады, өйткені оларда зиянкестер көптеп жинақталады; нұсқаушы араларында бұрын табылмаған түрлер кездесуі мүмкін зиянкестердің бәрін жинайды.

Бос трюмдерді

тексеру







Карантин жөніндегі нұсқаушы каюталардағы карантинге жатқызылған материалдарды қарайды және жолаушылар мен кеме командасының қол жүгіндегі жемістерді, тұқымдарды, тамырланған тірі өсімдіктерді, тірі гүл шоқтарын, сондай-ақ қоқыс жәшігі мен қоқыс шелегіне тасталған шіріген жемістерді зиянкестер зақымдады ма, жоқ па, соны тексереді. Барлық зақымдалған және әкелуге тиым салынған өнімдер пайдаланудан алынып, жойылады.

Каюталардағы

тексеру











